

POWERNOTE MOBILE MICRO 90W АДАПТЕРІ

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ



Біздің бұйымдарымызды сатып алғаныңыз үшін сізге алғыс білдіреміз!

Енді ноутбуктер мен USB зарядталатын құрылғыларға арналған қуаты 90 Вт әлемдегі ең кішкентай әмбебап қуаттау адаптерімен бірге өзіңіздің сапарларыңыздан рахат алыңыз. Ол өте кішкентай болғандықтан, осылайша, үлкен жайлылықпен оны оңай және ыңғайлы алып жүруге болады, сондай-ақ сіздің ноутбүгіңіз бен автокөлік құрылғыларыңыздың қуат көзі болып табылады. Оның үстіне, бұл адаптердің қосымша қуаттау адаптерін пайдаланбастан сізге қосымша құрылғыларды USB-порттар арқылы зарядтауға мүмкіндік беретін 5 Вт-ты USB жүктеу саңылауы бар. Біздің ультражіңішке жоғары технологиялық адаптермен сіз өмірдегі есепсіз жұмыстарыңыз үшін мінсіз серік табасыз.

Техникалық сипаттамасы

Сырттан кіретін тұрақты ток: 11-15В 10А

Сыртқа шығатын тұрақты ток: 14В-24В 6А 90ВТ (ең жоғары)


USB сыртқа шығарылған өткізгіш құрылғысы: 5В 2.4А

Көлемі: 63.5 x 48.9 x 16.9 мм

Таза салмағы: 72гр.

Жоғары тиімділік: 96%.





1. Корпусы.
2. Зарядтауға арналған автокөлік кабелі.
3. Ноутбуктың тұрақты тогының ұзартылған кабелі.
4. Ұялы телефонның USB кабелі (қоса берілмейді).
5. Ноутбуктың тұрақты тогының ұштығы (8 дана).

Суреттер тек қана мәліметтер үшін, бұйымдар, әрине, қаптамаларындағы үлгілерге негізделеді.

Пайдалану бойынша нұсқаулық

Өзіңіздің ноутбугыңыздағы тұрақты ток кернеуін тексеріңіз.

Бірінші әдіс: өзіңіздің ноутбугыңыздың артқы жағынан тексере аласыз.

MODEL NO: CL32

DC RATING: $\text{---} \boxed{19\text{V}} \text{ 3.42A}$

Кернеу=19 Вт


Екінші әдіс: өзіңіздің ноутбугыңыздың адаптеріндегі жапсырма қағазды қарауыңызға болады.

ВВОД: 100-240В~1.5А (1.5А) 50-60Гц

ВЫВОД: $\boxed{19\text{V}}$ $\text{---} \text{ 3.42A}$ (3.42A) $\oplus \ominus \oplus$

Кернеу=19 Вт

Ноутбукты қуаттаудың 19В және 3.42А тең келетін дұрыс ұштығын таңдау және оны төменде көрсетілгендей ұзартылған кабельге қосу:



Ескерту: Бұл адаптер 14-24 вольт аралығындағы сыртқа шығу кернеуін ұстайды. Бұл адаптерді 14-24 вольт аралығынан асатын кернеуде пайдалану ноутбукты зақымдауы мүмкін екендігін ескертеміз.

Ноутбуктар мен смартфондарға арналған зарядтау немесе қуаттау көзі

Автокөлік штепселін тұтандырғыш ұяшығына салыңыз, әрі қарай екінші ұшын өзіңіздің автокөлік адаптеріңіздің кіру саңылауына қосыңыз. Ноутбук немесе ұялы телефонға арналған USB кабель үшін дұрыс қуаттау ұштығын таңдаңыз және оны тұрақты токтың сыртқа шығарылған өткізгішіне немесе автокөлік адаптерінің сыртқа шығарылған өткізгішінің USB саңылауына қосыңыз. Әрі қарай зарядтайды немесе сіздің ноутбуктарыңыз бен смартфондарыңыз үшін қуаттау көзі болып табылады.

Тұтандырғыш
ұяшығы



Қосу саңылауы



Сыртқа шығарылған
өткізгіш саңылауы



USB сыртқа
шығарылған өткізгіш
саңылауы



Ноутбуктерге арналған қуаттау ұштықтарының техникалық сипаттамасы

NO.	Output Voltage	Voltage Range	Connectors Spec.	Replacement
(N07)	19V	18.6-20.3V	5.5*2.5*10.7 mm	ASUS *S56CM-XX 19V/3.42A, *S46CM-WX 19V/3.42A, *S300E 19V/3.42A, X55A 19V/3.42A, A55VD(A55VJ) 19V/4.74A, K56CA 19V/4.74A, TOSHIBA *Satellite 19V/2.37A, Satellite (L855) 19V/4.74A LENOVO *U310 20V/2A, *IdeaPad 20V/2A, G585 20V/3.25A, Z580 20V/4.5A, Z500 20V/4.5A, G575 20V/3.25A
(N09)	19.5V	18.6-20.3V	6.0*4.4*10.7 mm	SONY *Vaio SVT 19.5V/2A, Vaio SVE (112M1EB) 19.5V/2A, Vaio SVS (1512V1ES) 19.5V/4.7A
(N11)	19V	18.6-20.3V	5.5*1.7*10.7 mm	ACER *S3-391 19V/3.42A, AO725 19V/4.15A, V5-551G 19V/4.74A CASPER Nirvana 3210S 19V/3.42A
(N19)	19V	18.6-20.3V	5.5*3.0*10.7 mm	SAMSUNG NP300 19V/3.16A, NP550 19V/4.74A
(N22)	19.5V	18.6-20.3V	7.4*5.0*12.5 mm	DELL 19.5V/3.34A, 19.5V/4.62A
(N23)	18.5V	17.6-18.9V	7.4*5.0*12.5 mm	HP Pavilion G6 19V/4.74A,
(N32)	19.5V	18.6-20.3V	4.8*1.7*28 mm	HP Ultrabook
(N33)	19V	18.6-20.3V	3.0*1.0*8 mm	SAMSUNG Ultrabook

(*) Ultrabook

Ескерту: Барлық аталып өткен сауда маркалары тиісті компаниялардың ресми тіркелген сауда маркалары болып табылады.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары туралы маңызды ақпарат ЕСКЕРТУ!

Пайдаланушы нұсқаулығы қуаттау адаптерін қауіпсіз пайдалану, сіздің жеке басыңыздың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өрттің, электр шоғының немесе дене жарақатының пайда болу қаупін азайту үшін сізге көмек көрсетуге арналған.

- Адаптерді пайдаланардың алдында осы пайдаланушы нұсқаулығындағы барлық нұсқаулықтарды мұқият оқып шығыңыз.
- Құрылғыны ашпаңыз. Ішінде қалпына келтірілетін элементтері жоқ. Әрдайым барлық ескертулерді және барлық нұсқаулықтарды толығымен сақтаңыз.
- Сіздің адаптер TUNCMATİK мақұлдаған кабельдермен және ұштықтармен ғана пайдаланылуы тиіс. Сіздің адаптерді мақұлданбаған кабельдермен және ұштықтармен пайдалану күрделі дене жарақаттарына немесе өлімге алып келетін жарақаттар және/немесе мүліктің бүлінуіне алып келуі мүмкін.
- Адаптерді жылу көзіне, желдеткішті басқару жүйесіне жақын немесе тікелей күн сәулесі түсетін жерде пайдаланбаңыз. Сіздің адаптеріңізді 0°C-35°C (32°F -95°F) аралығындағы температурада пайдалану қажет.
- Адаптерді ешқашан қағазбен немесе салқындатуды азайтатын басқа да материалдармен жабуға болмайды.
- Дене жарақаттарын және/немесе мүліктің бүлінуін болдырмау үшін адаптерді пайдаланбаған кезде кіру қуатының кабелін адаптерден ажырату қажет. Пайдалану кезінде адаптерді қараусыз қалдырмаңыз.
- Қалыпты жұмыс режимі барысында адаптер қызуы мүмкін. Жұмыс барысында немесе жұмыстан кейін бірден адаптерді абайлап ұстау қажет.
- Өзіңіздің құрылғыңызды ылғалды ортада пайдаланбаңыз. Мысалы, жуынатын ваннаның, шұңғылшаның (раковинаның) жанында, хауыздар немесе ылғалды жертелелерде.
- Адаптерді 12 вольтпен көлік құрылдарында ғана пайдалану қажет.
- Құрылғыны тазалардың алдында құрылғыны электр розеткасынан суыру қажет. Құрылғыны сулы жұмсақ матамен тазалау. Құрамында оңай тұтанатын заттар болуы мүмкін сұйық немесе аэрозолды жуу құралдарын пайдаланбау қажет.
- Адаптерді жөндеуге, оның сыртқы немесе ішкі компоненттерінің тұтастығын өзгерту немесе бұзуға талпынуға болмайды. Мұндай әдістер кепілдікті жояды және күрделі дене жарақаттарына немесе өлімге және/немесе мүліктің бүлінуіне алып келетін жарақаттарға алып келуі мүмкін.



tuncmatik бұйымы сізге табиғи ресурстарды барынша аз қолдануға көмектесе отырып, 30% дейін электрді үнемдеу көздерін ұсынады.



tuncmatik
www.tuncmatik.com pure power

POWERNOTE MOBILE MICRO 90W ADAPTOR



tuncmatik
www.tuncmatik.com pure power